



Азаматтарға еңбекке жарамсыздық парақтарын және еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамаларын беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 қараша N 1415.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.01.23. N 102 қаулысымен. ~P010102

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Азаматтарға еңбекке жарамсыздық парақтарын және еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамаларын беру тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы 1996 жылдың 1 желтоқсанынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 21 қарашадағы
N 1415 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Азаматтарға еңбекке жарамсыздық парақтарын және еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамаларын беру тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Еңбекке уақытша жарамсыздық (сыртқаттану, жарақат алу, жүктілігіне және босануына байланысты демалыс, санаторийлік-курорттық емделу, науқас баланы және отбасының мүшесін күту, карантин) еңбекке жарамсыздық парағымен және осы Ережеде көзделген кейбір жағдайларда еңбекке уақытша

жарамсыздық туралы анықтамамен куәландырылады.

2. Еңбекке жарамсыздық парағы - еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын құжат, жұмыстан босату және еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты, жүктілігі мен босануына байланысты жәрдемақы алу үшін негіз болып табылады.

3. Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама - еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын құжат, жұмыстан (оқудан) босату үшін негіз болып табылады, жекелеген жағдайларда еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде жалақының (стипендияның) сақталуы үшін негіз болып табылады.

4. Еңбекке жарамсыздық парақтары кез-келген жұмыста істейтін адамдарға беріледі, мұнда олар мемлекеттік әлеуметтік сақтандырылуға жатады. Жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы алатын жұмыссыздарға қажет болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беріледі.

5. Азаматтарға еңбекке жарамсыздық парағын оны беруге құқығы бар емдеу-профилактикалық ұйымдар береді.

Жеке медициналық практикамен айналысатын ұйымдар мен адамдарға еңбекке жарамсыздық парағын беру құқығы медициналық және дәрігерлік қызметпен айналысуға уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізуге лицензиясы және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорымен медициналық қызмет көрсету туралы шарты болғанда ғана беріледі.

6. Емдеуші дәрігерлер жоқ жерде еңбекке жарамсыздық парағын беру құқығы денсаулық сақтау органының аурухана қағазын беруге болатын қызметкерлердің тізімі мен мерзімі белгіленетін бұйрығына сәйкес орта медициналық қызметкерге берілуі мүмкін.

7. Жедел медициналық жәрдем станциялары (бөлімшелері), ауруханалардың қабылдау бөлімшелері, қан құю бөлімшелері, сот-медициналық сараптау мекемелері, санаторий-курорт мекемелері бальнеологиялық, балшықпен емдеу орындары, демалыс үйлері, туристік базалар, санэпидқадағалау мекемелері медициналық қызметкерлерінің еңбекке жарамсыздық парағын беруге құқығы жоқ. Қажет болған жағдайда олар тиісті анықтама, соның ішінде медициналық жәрдем көрсетілгенін растайтын анықтама береді.

8. Еңбекке жарамсыздық парағын (анықтамасын) дәрігер емделушіні жеке қарағаннан кейін береді, ұзартады, жабады және медициналық құжаттамадағы жұмыстан уақытша босатуды негіздейтін жазбамен расталады.

9. Еңбекке жарамсыздық парағын дәрігер аурудың нысандары және еңбекке жарамсыздық түрлері бойынша оларды жабу кезінде толтырады.

10. Еңбекке жарамсыздық парағының және еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтаманың бланкілері қатаң есептілік құжаттары болып табылады.

Еңбекке жарамсыздық қағазы мен анықтаманың нысандарын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекітеді.

11. Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасының жай-күйін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры және олардың аумақтық органдары бақылайды. Емдеу-профилактикалық ұйымдарда жоғарыда аталған бақылауды бас дәрігерлер, олардың орынбасарлары және бөлімшелердің меңгерушілері жүзеге асырады.

II. Сырқаттанғанда және жарақат алғанда еңбекке жарамсыздық парағы мен еңбекке уақытша жарамсыздық жөніндегі анықтама беру

12. Еңбекке жарамсыздық парағы мен еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама қатты науқастанғанда немесе созылмалы сырқаттар асқынғанда, жарақаттанғанда және науқастың еңбек етуге (оқуға) мүмкіндігі болмаған өзге де халінде, жұмыс істеуге болмағанда немесе емдеуге кедергі жасағанда беріледі.

13. Науқастануға немесе жарақат алуына байланысты еңбекке жарамсыздық парағы еңбек ету қабілеті қалпына келтірілгенге дейінгі немесе медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясы (МӘСК) мүгедектікті анықтағанға дейінгі бүкіл кезеңге беріледі.

14. Амбулаториялық-емханалық ұйымдарда еңбекке жарамсыздық парағы (анықтамасы) еңбекке уақытша жарамсыздық анықталған күні беріледі.

Емдеуші дәрігердің еңбекке жарамсыздық парағын (анықтамасын) 3 күннен аспайтын бір жолғы мерзімге (халықтың тұмаумен көп ауыратын кезеңінде - денсаулық сақтау органының бұйрығымен 6 күнге), ал сырқаттың немесе жарақаттың бір түрі бойынша жалпы жиыны 6 күннен аспайтын мерзімге беруге құқығы бар. Еңбекке жарамсыздық парағын еңбекке жарамсыз болып қалғаннан кейін 6 күннен артық уақытқа ұзартуды және одан кейінге кез-келген ұзартуды емдеуші дәрігер бөлімше меңгерушісімен бірлесіп немесе дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) төрағасымен, не бас дәрігермен, бас дәрігердің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасарымен бірлесіп жасайды. Ұзаққа созылған науқас кезінде мұндай байқаулар кемінде 10 күнде бір рет жүргізілуге тиіс.

15. Бір дәрігері бар емдеу-профилактикалық ұйымдарда (ауылдық жерлерде, шалғайдағы аудандарда, т.б.) еңбекке жарамсыздық парақтарын еңбекке жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне жалпы негізде өз бетінше беруге және ұзартуға құқық беріледі, бірақ орталық аудандық аурухананың тиісті маманымен міндетті

Мұндай емдеу-профилактикалық ұйымдардың тізбесін жергілікті денсаулық сақтау органдары және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының бөлімшелері белгілейді.

16. Туберкулез, жүйке және тері-соз ауруы кезінде еңбекке жарамсыздық парағын тиісті мамандандырылған емдеу ұйымдарының, (кабинеттердің, бөлімшелердің) дәрігерлері береді. Осы аурумен ауырған науқастар жалпы бейімдегі емдеу-профилактикалық ұйымдарға келгенде дәрігер еңбекке жарамсыздық парағын 3 күнге дейінгі мерзімде бере алады және кейіннен науқасты мамандандырылған кабинетке (бөлімшеге, мекемеге) міндетті түрде ж і б е р е д і .

17. Стационарлық емдеу кезінде (күндізгі стационарларды қоса алғанда) еңбекке жарамсыздық парағын (анықтаманы) науқас шыққан күні емдеуші дәрігер бөлімшенің меңгерушісімен бірге (басқа жерден келгендерге - бас дәрігердің қолы қойылады) стационарлық емдеудің бүкіл кезеңіне береді.

Егер стационардан шығаратын кезде науқастың еңбек ету қабілеті толық қалпына келтірілсе, еңбекке жарамсыздық парағы (анықтама) шыққан күнмен жабылады. Еңбекке уақытша жарамсыздығы жалғасқан науқастарға еңбекке жарамсыздық парағы (анықтама) амбулаториялық-емхана мекемесіне келу үшін немесе үйге дәрігер шақыру үшін қажетті мерзімге, басқа жерден келген науқастар және т.б. үшін қайтар жолға ұзартады, бірақ ол 4 күннен аспауға тиіс. Еңбекке жарамсыздық парағын науқасты одан әрі бақылайтын амбулаториялық-емханалық мекеме одан әрі ұзартады, жабады.

18. Ұзақ ауыратын адамдар еңбекке үздіксіз уақытша жарамсыздық басталған күннен бастап 4 айдан кешіктірмей МӘСК-ке куәландыру үшін жіберіледі, ал белгілі бір немесе сабақтас ауруға байланысты үзіліспен уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында соңғы 12 айдың ішінде жалпы жиыны 5 айдан к е ш і к т і р м е й ж і б е р і л е д і .

Қолайсыз клиникалық және еңбек болжамы бар науқастар мүгедектік белгілері болғанда еңбекке уақытша жарамсыздық мерзіміне қарамастан, яғни жоғарыда аталған мерзімнен бұрын МӘСК-ке куәландыру үшін жіберіледі.

19. IV сатыдағы қатерлі ісіктер жағдайында аулақталған метастазы (диссеминация) бар кез-келген мөлшердегі ісік не организм әлсіреп, ісі көрші ағзалар мен ұлпаларға тереңдеп жайылғаны тіркелгенде, еңбекке жарамсыздық парағы 6 айға дейінгі мерзімге ұзартылып, кейін науқас МӘСК-ке жіберіледі.

20. Туберкулезбен сырқаттану салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайында науқастар еңбекке уақытша жарамсыздық басталған күннен бастап 8 айдан кешіктірмей куәландыру үшін МӘСК-ке жіберіледі. Қолайлы клиникалық-еңбек болжамы жағдайында еңбекке жарамсыздық парағы

туберкулезбен алғаш рет ауырған адамдарға белгіленген тәртіппен 10 айға дейін ұзартылады.

21. Егер МӘСК-нің қорытындысы бойынша науқасты мүгедек деп есептеуге негіз жоқ болса және ол еңбекке уақытша жарамсыз болып қала берсе, онда еңбекке жарамсыздық парағы ДКК арқылы ұзартылуы керек, бірақ ол 2 айдан аспауға тиіс.

Мүгедек деп танылған адамдарға еңбекке жарамсыздық парағы мүгедектік тобы белгіленген күннен бастап (құжаттардың МӘСК-ке түскен күні) жабылады. Науқас дәлелсіз себептерсіз МӘСК-ке уақытында келмеген жағдайда еңбекке жарамсыздық парағында режимнің бұзылғаны туралы белгі соғылады, өтіп кеткен күндер "Жұмыстан босату" бағанынан енгізілмейді және науқастың МӘСК-ке келген күні мүгедектікті белгілеу күні болып табылады.

I және II топтағы жұмыс істейтін мүгедектер денсаулығы нашарлауына байланысты еңбекке жарамсыздық күнінен бастап 2 айдан кешіктірілмей МӘСК-ке жіберіледі.

22. Туберкулез немесе кәсіптік сырқат (Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен кәсіптік сырқаттар тізбесі бойынша) салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайында науқас өзінің негізгі жұмысы бойынша еңбекке жарамсыз болған, бірақ басқа жұмысты денсаулығына зиян келтірмей және емделудің қалыпты барысын бұзбай орындай алатын кезеңде басқа жұмысқа ауыстырылып, 2 айдан аспайтын мерзімге еңбекке жарамсыздық парағы беріледі. Еңбекке жарамсыздық парағында басқа жұмысқа ауыстырылғаны туралы белгі соғылып, оған емдеу ұйымы бас дәрігерінің қолы қойылады. Осы тармақта көрсетілмеген өзге сырқаттарға байланысты жұмысшыны немесе қызметшіні денсаулығына байланысты басқа жұмысқа ауыстыру қажет болғанда еңбекке жарамсыздық парағы берілмей, дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы ресімделеді.

23. Өндірісте, жұмысқа бара жатқан немесе жұмыстан келе жатқан жолда, сондай-ақ тұрмыста жарақат алған жағдайда еңбекке жарамсыздық парағы еңбекке жарамсыздық басталған алғашқы күннен бастап беріледі және осы Ережеге сәйкес ұзартылады.

24. Алкогольдан немесе есірткіден мас болған күйінде жарақат алғанда, сондай-ақ алкогольдан немесе есірткіден қатты уланғанда еңбекке уақытша жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беріледі.

Науқас анықтама алған себепке байланыссыз басқа сырқат пайда болғанда, ол (анықтама) жабылып, еңбекке жарамсыздық парағы беріледі. Осы сырқат бойынша еңбек ету қабілеті қалпына келтірілгеннен кейін алкогольдан немесе есірткіден мас күйінде алған жарақаттан болған еңбекке уақытша жарамсыздық

жалғастырылса, қайтадан анықтама ашылады.

25. Басқа кеселдермен және сырқаттармен асқынбаған созылмалы маскүнемдікті, нашарқорлықты емдеу кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамамен куәландырылады. Егер осы кезеңде сырқат пайда болса немесе жарақат алынып, еңбекке уақытша жарамсыздық басталса және маскүнемдіктен (нашарқорлықтан) емдеуді тоқтату қажет болса, еңбекке уақытша жарамсыздық жалпы тәртіппен куәландырылады. Созылмалы маскүнемдік (нашарқорлық) басқа сырқаттармен және еңбек ету қабілетін бұзатын халмен асқынған жағдайда еңбекке жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне жалпы тәртіппен еңбекке жарамсыздық парағы беріледі.

26. Амбулаториялық жолмен немесе стационарда тексеруден өтетін еңбекке жарамды адамдарға заңдарда белгіленген жағдайларда стационарда (емханада) тексеруден өткен бүкіл кезеңге анықтама беріледі.

Еңбекке жарамды адамдарға тексеру және емдеу шаралары бос уақытта жүргізіледі, еңбекке жарамсыздық парағы берілмейді.

27. Денсаулық сақтау пункттерінде еңбекке жарамсыздық парағын 3 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге тек дәрігер береді. Денсаулық сақтау пунктінің фельдшері (медбикесі, акушері) еңбекке жарамсыз адамды анықтама беріп, тек ауысымның аяғына дейін ғана жұмыстан босата алады. Науқас жіберілген дәрігер денсаулық сақтау пункті фельдшерінің анықтамасын еңбекке жарамсыздық парағымен ауыстырады. Егер дәрігер науқасты еңбекке жарамды деп тапса, еңбекке жарамсыздық парағы фельдшердің жұмыстан босатқан сағатына ғана беріледі.

28. Кешкі немесе түнгі уақытта (емхана жұмысы аяқталғаннан кейін) ауырған және жедел медициналық жәрдем қызмет көрсеткен адамдарға еңбекке жарамсыздық парағы, егер науқас еңбекке жарамсыз деп танылса, ДКК шешімімен келесі күні (қажет болғанда - жедел медициналық жәрдем бригадасының шыққан күнін ескере отырып) берілуі мүмкін.

29. Мінез-құлқын бақылай алмаушылыққа жеткен жүйке ауруында, егер науқас уақытылы жедел медициналық жәрдемге жүгінбесе, психоневрологиялық диспансер ДКК-сының (психиатр-дәрігер бас дәрігермен бірлесіп берген) қорытындысы бойынша еңбекке жарамсыздық парағы өткен күндерге берілуі мүмкін.

Жұмыс істейтін жүйке ауруымен ауыратын науқас адамдарға күштеп емдеу кезеңінде еңбекке жарамсыздық парағы жалпы тәртіппен беріледі. Сот-психиатрия сараптамасы стационарда емделу қажеттігін анықтаған жүйке ауруымен ауыратын науқас адамдарға еңбекке жарамсыздық парағы науқастың сараптамаға түскен күнінен бастап беріледі.

30. Тұрақты тұрғылықты мекенінен тыс жердегі, соның ішінде республикадан

тыс жердегі емдеу-профилактикалық ұйымдарына белгіленген тәртіппен жіберілген адамдарға, еңбекке жарамсыздық парағын ДКК жол жүруге қажетті күндерге береді.

Осы еңбекке жарамсыздық парағын науқас жіберілген емдеу орны жалпы тәртіп бойынша ұзартады. Егер науқас Қазақстан Республикасынан тыс жерге жіберілсе, еңбекке жарамсыздық парағын ол қайтып келгеннен кейін ДКК басқа елде консультация алғаны (емделгені) туралы құжаттар (анықтама) негізінде түпкілікті ресімдейді.

31. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде болған кезінде ауырғанын, жарақат алғанын куәландыратын құжаттарды оларға қызмет көрсететін жердегі емдеу-профилактикалық ұйымның ДКК-сы еңбекке жарамсыздық парағымен ауыстырады. Құжаттардың растығына күмәндаған жағдайда бұл құжаттар олар болған елдегі консулдықта міндетті түрде ресмилендірілуге тиіс, ал оларды еңбекке жарамсыздық парағына айырбастауды жоғары тұрған денсаулық сақтау органы шешеді.

32. Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс істейтін шетел азаматтарына еңбекке жарамсыздық парағы жалпы негізде беріледі.

33. Мезгілдік және маусымдық қызметкерлерге, сондай-ақ бас бостандығынан айырмай түзеу жұмыстары түрінде жазасын өтеп жүрген (шартты түрде сотталған немесе шартты түрде босатылған) адамдарға еңбек ету қабілетінен уақытша айрылып сырқаттанғанда (жарақат алғанда) еңбекке жарамсыздық парағы жалпы тәртіппен беріледі.

34. Жоғары және арнаулы оқу орнын, аспирантураны, не кәсіптік-техникалық училищені бітірген, бөлу тәртібімен жұмысқа жіберілген адамдарға еңбекке уақытша жарамсыз болып қалған жағдайда еңбекке жарамсыздық парағы жұмысқа келу белгіленген күннен бастап беріледі.

35. Протездеу үшін еңбекке жарамсыздық парағын науқас протездеу-оңалту орталығының (кәсіпорнының) стационарына жатқызылғанда ғана, стационардың дәрігері бас дәрігермен бірлесіп, науқас стационардан шыққанда бүкіл жатқан кезеңге, барып-қайту жолына кеткен уақытқа береді, бірақ ол 30 күннен аспауға тиіс.

36. Кезекті және қосымша демалыс кезінде, сондай-ақ жалақысы сақталатын арнаулы оқу демалысы (кешкі және сырттай оқытатын жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқу) кезінде сырқаттанған, жарақат алған, жүктілікті жасанды әдіспен тоқтату операциясы жасалған жағдайда еңбекке жарамсыздық парағы (анықтамасы) жалпы тәртіппен беріледі, отбасының науқас мүшесін күтуге байланысты және карантин кезінде еңбекке жарамсыздық парағы берілмейді.

37. Жоғары оқу орындарының студенттері мен аспиранттарының, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындары оқушыларының еңбекке уақытша жарамсыздығы еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамамен к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Оқушылар оқудан бос уақытында жұмыс істейтін болса, еңбекке жарамсыздық парағын оларға медициналық жәрдем көрсететін емдеу-профилактикалық ұйымдары жалпы тәртіппен береді.

Өндірістік практикадан өту кезінде ақы төленетін жұмыс орнына алынған жоғары оқу орындарының студенттеріне, арнаулы орта оқу орындарының, училищелердің, кәсіптік-техникалық білім беру мектептерінің оқушыларына оларда сырқаттануына, жарақат алуына, жүктілігі мен босануына орай демалысқа шығуына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық бүкіл кезеңіне беріледі, бірақ ол өндірістік практиканың немесе жұмыстың аяқталу күнінен ұзақ болмауға тиіс. Еңбекке уақытша жарамсыздық жалғасқанда оқудан босату туралы анықтама беріледі.

38. Еңбекке уақытша жарамсыздық тұрғылықты жерінен және жұмыс орнынан тыс жерде (іссапар кезінде, демалыс үйінде, т.б.) басталған азаматтарға еңбекке жарамсыздық парағы олардың уақытша жүрген жерінде беріледі, оны жергілікті емдеу-профилактикалық ұйымның бас дәрігері растайды.

39. Тұрақты тұратын немесе жұмыс істейтін жерінде еңбекке жарамсыздық парағын алған науқасқа, осы парак басқа жерде тең еңбекке жарамсыздық парағын берген емдеу орнының сыртқа шығуға болатындығы туралы қорытындысы болғанда ғана ұзартылады. Бұл қорытындыны ДКК береді, ал ол жоқ болған жағдайда - емдеуші дәрігер бас дәрігермен бірлесіп береді.

40. Республикада уақытша жүрген (демалыста, іссапармен және т.б.) шетел азаматтарына сырқаттанған, жарақат алған жағдайда анықтама беріледі.

III. Жүктілігіне және босануына байланысты еңбекке жарамсыздық парағын беру

41. Жүктілігіне және босануына байланысты еңбекке жарамсыздық парағы жұмыс істейтін әйелдерге беріледі, мұнда олар мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға жатады.

42. Жүктілігіне және босануына байланысты еңбекке жарамсыздық парағын акушер-гинеколог дәрігер береді, ал ол жоқ болған жағдайда қабылдау жүргізілетін дәрігер, бөлімшенің меңгерушісімен (бас дәрігерімен) бірлесіп жүктіліктің 30 аптасынан бастап ұзақтығы 126 күнтізбелік күнге бір мезгілге б е р е д і .

Ядролық сынақ әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын әйелдерге жүктілігі

мен босануына байланысты еңбекке жарамсыздық парағы жүктіліктің 27 аптасынан бастап ұзақтығы 170 күнтізбелік күнге беріледі.

Босану қиындықты болған, екі және одан көп бала туған жағдайда әйелдер консультациясының (ол жоқ болған жағдайда - жалпы емдеу ұйымының) ДКК-сы еңбекке жарамсыздық парағын 14 күнтізбелік күн мерзіміне ұзартады. Жүктілігіне және босануына байланысты демалыс кезінде тұрғылықты жерінен уақытша кеткен әйелдерге еңбекке жарамсыздық парағы босанған емдеу ұйымында ұзартылады.

Жүктіліктің 30 аптасына дейін (ядролық сынақ әсеріне ұшыраған аймақтардағы әйелдер 27 аптаға дейін) босанып, бала тірі туғанда еңбекке жарамсыздық парағын босанған емдеу-профилактикалық ұйым осы Ережеде көзделген демалыстың бүкіл кезеңіне береді, ал бала өлі туған жағдайда - 70 күнтізбелік күнге береді.

Босану үстінде немесе босанғаннан кейінгі кезде анасы қайтыс болған жағдайда, қалған күндерге еңбекке жарамсыздық парағы нәрестені күтуші адамға беріледі.

43. Әйел 3 жылға дейін баланы күту демалысында жүрген кезеңде жүкті болғанда еңбекке жарамсыздық парағы осы Ережеде көзделген жүктілігіне және босануға байланысты берілетін демалыстың барлық күндеріне беріледі.

44. Жүктілікті жасанды түрде тоқтату операциясы (аборт) жасалғанда еңбекке жарамсыздық парағын емдеуші дәрігер бөлімшенің меңгерушісімен бірлесіп операция жасалған емдеу ұйымында болған 3 күнге береді, ал асқынған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне беріледі, оған жүктіліктің ерте мерзімінде вакуумдық аспирация әдісімен операция жасау қосылмайды. Бұл ретте еңбекке жарамсыздық қағазы операция жасалған күнге, ал асқынып, еңбекке уақытша жарамсыз болғанда - жалпы тәртіппен беріледі.

Түсік тастағанда еңбекке жарамсыздық парағы жалпы негізде беріледі.

45. Эмбрионды көшіріп салу операциясы жасалғанда еңбекке жарамсыздық парағын операция жасаған емдеу-профилактикалық ұйымы әйелдің ауруханаға жатқызылған күнінен бастап жүктілік фактісі анықталғанға дейінгі кезеңге береді.

IV. Баланы (мүгедек баланы), отбасының науқас мүшесін күтуге байланысты еңбекке жарамсыздық парағын (анықтамасын) беру

46. Отбасының 14 жастан асқан науқас мүшесін күтуге байланысты анықтама беріледі.

47. 14 жасқа толмаған науқас баланы күтуге байланысты еңбекке жарамсыздық парағы беріледі және оның күтімге мұқтаж болатын кезеңіне

ұзартылады, бірақ бұл жалпы ережелер бойынша 10 күнтізбелік күннен аспауға
т и і с .

Егер бала одан әрі сырқаттанып, 10 күн өткеннен кейін де күтімге мұқтаж болса, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беріледі.

Тұрғылықты жерінен басқа жерде анасымен немесе отбасының басқа мүшесімен бірге тұратын бала сырқаттанған жағдайда науқас баланы күтуге байланысты еңбекке жарамсыздық парағы мен анықтамасы басқа жердің тұрғыны ретінде (бас дәрігердің қолы қойылып) беріледі.

Егер анықтама бойынша жұмыстан босатылған кезеңде балада бұрынғы сырқатпен байланысты емес жаңа сырқат пайда болса, анықтама жабылып, баланы күтуге байланысты еңбекке жарамсыздық парағы жаңадан беріледі. Еңбекке жарамсыздық парағы (анықтамасы) жабылғаннан кейін баланың сырқаты асқынса немесе одан әрі жалғасса баланы күтуге байланысты анықтама беріледі, ал егер еңбекке жарамсыздық парағының мерзімі бітпесе, қалған күндерге (10 күнге дейін) еңбекке жарамсыздық парағы беріледі.

48. Отбасында бір мезгілде екі не одан көп бала сырқаттанған жағдайда оларды күтуге байланысты бір еңбекке жарамсыздық парағы беріледі. Егер бір бала сырқаттанған кезеңде екінші бала сырқаттанса, оны күтуге байланысты еңбекке жарамсыздық парағы тек бірінші парақ жабылғаннан кейін және бала күтімге мұқтаж болған кезеңге беріледі, бірақ ол екінші бала сырқаттанған күннен бастап 10 күннен аспауға тиіс.

Егер екінші бала бірінші баланы күтуге байланысты анықтама берілген кезеңде сырқаттанса, бұл анықтама жабылып, жаңадан еңбекке жарамсыздық
п а р а ғ ы б е р і л е д і .

49. Дәрігерлік қорытындысы бойынша күтімге мұқтаж баланы стационарда емдеу кезінде күтуге байланысты еңбекке жарамсыздық парағы ата-анасының біріне немесе оны күтуші адамға мынадай тәртіппен беріледі:

3 жасқа дейінгі баланы емдеу кезінде баланың стационарда болған бүкіл
к е з е ң і н е б е р і л е д і ;

3 жастан асқан науқасы қатты балаларды емдеу кезінде дәрігердің қорытындысы бойынша бала күтімге мұқтаж болған мерзімге беріледі;

адамның иммундық тапшылығы вирусын жұқтырған (СПИД ауруы) 14 жасқа дейінгі балаларды емдеу кезінде баланың стационарда болған бүкіл кезеңіне
б е р і л е д і .

Егер бала стационардан шыққаннан кейін күтімге мұқтаж болса және стационарға жатқызылғанға дейін оны күту үшін жұмыстан босатылмаса, тұрғылықты жердегі емдеу-профилактикалық ұйым еңбекке жарамсыздық парағын 10 күнге дейінгі кезеңге береді. Егер осы сырқат бойынша стационарға дейін еңбекке жарамсыздық парағы берілсе, онда еңбекке жарамсыздық парағы

қалған күндерге (10 күнге дейін) беріледі.

50. 3 жасқа дейінгі баланы немесе 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы күтетін шешесі (әкесі) немесе басқа адам стационарда емделіп жатқан жағдайда осы баланы күтуге байланысты еңбекке жарамсыздық парағы, осы баланы іс жүзінде күткен жұмыс істейтін кез-келген басқа адамға, шешесі (әкесі) стационарда болған мерзімге беріледі, бірақ ол 30 күннен аспауға тиіс.

Егер 3 жасқа дейінгі баланы (16 жасқа дейінгі мүгедек баланы) күтуші шешесі (әкесі, басқа адам) стационардағы басқа баланы күту қажеттігіне байланысты ауруханаға жатқызылса, 3 жасқа дейінгі баланы (16 жасқа дейінгі мүгедек баланы) күтуге байланысты еңбекке жарамсыздық парағы шешесі сырқаттанғанда берілетін тәртіппен беріледі.

51. Еңбекке жарамсыздық парағын мыналарға:
асқынбаған созылмалы сырқаты бар науқастарды күтуге байланысты;
сырқатының ауырлығына байланысты стационарға жатқызылуға тиіс, бірақ одан науқастың өзі немесе оның отбасы бас тартқан науқастарды күтуге байланысты;

бөбекханаға, балабақшаға немесе сәбидің өзіне және т.б. карантин жасалған жағдайда сау балаларды күтуге байланысты;

жыл сайынғы демалыста немесе жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген адамға беруге болмайды.

V. Карантин кезінде еңбекке жарамсыздық парағын беру

52. Жұқпалы сырқатпен ауырған науқастармен қарым-қатынаста болған адамдарды немесе бактерия тасушылығы салдарынан жұмыстан уақытша шеттету туралы еңбекке жарамсыздық парағын эпидемиолог-дәрігердің ұсынуы бойынша инфекционист-дәрігер немесе емдеуші дәрігер береді. Мұндай жағдайда жұмыстан шеттетудің ұзақтығы жұқпалы сырқаттармен ауырған және олармен қарым-қатынаста болған адамдарды оңашалаудың бекітілген мерзімімен айналынады.

VI. Санаторийлік-курорттық емделуге еңбекке жарамсыздық парағын беру

53. Санаторийлік-курорттық емделу кезінде еңбекке жарамсыздық парағы: Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне санаторийде болған бүкіл кезеңге, оған барып-қайту жолын ескере отырып беріледі;

Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға демалыстың жетпеген күндеріне, санаторийге барып-қайту жолын ескере отырып, бірақ жыл

сайынғы және қосымша демалыс күндері шегеріліп беріледі; туберкулез санаторийіне емделуге жіберілген туберкулезбен ауырған науқасқа жолдамада көрсетілген емдеудің бүкіл кезеңіне және санаторийге барып-қайту жолының уақытына, бірақ жыл сайынғы және қосымша демалыс күндері шегеріліп беріледі.

VII. Еңбекке жарамсыздық парағын толтыру және беру ережелері

54. Еңбекке жарамсыздық парағы мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде т о л т ы р ы л а д ы .

55. Еңбекке жарамсыздық парағын берген емдеу-профилактикалық ұйымда оның бет жағы толтырылады. Парақтың сыртқы бетінде жәрдемақы тағайындау, есептеу және төлеу кезінде белгі соғылады. Парақтың "Еңбекке жарамсыздық парағы" деген атауының астында, беткі жағында тиісінше не "Алғашқы" деген сөздің не "Жалғасы" деген сөздің асты сызылады. Содан соң емдеу ұйымының атауы мен мекен-жайы, парақ берілген күні, сақтандырылған адамның тегі, есімі, әкесінің аты және жұмыс орны көрсетіліп, емдеу орнының мөрі басылады.

56. "Еңбекке жарамсыздық түрі" деген бағанда еңбекке жарамсыздық парағының сырқаттануына, өндірістегі немесе тұрмыстағы бақытсыз оқиғаға, карантинге, науқасты күтуге, санаторийлік-курорттық емдеуге, протездеуге, босануға дейінгі немесе босанудан кейінгі демалысқа байланысты берілгендігі к ө р с е т і л е д і .

Егер еңбекке жарамсыздық парағы босануға байланысты берілсе, босанған күні, науқасты күтуге байланысты берілсе - науқастың жасы мен оның сырқатының диагнозы, карантинге байланысты берілсе - карантинді туғызған сырқаттың аты санаторийлік емделуге берілсе, жолдаманың басталған және аяқталған күні көрсетіледі.

"Түзім" деген бағанда науқасқа тағайындалған түзім (төсекте жатып емделу, амбулаториялық, ауруханалық және т.б.) көрсетіледі. Дәрігер тағайындаған режимді бұзу жағдайлары - ішімдік ішу, дәрігер ұйғарған емді орындамау, науқастың дәрігерге куәландыруға көрсетілген мерзімде келмеуі, дәрігердің рұқсатынсыз басқа жерге кетіп қалуы және т.б. міндетті түрде көрсетіледі.

Егер науқас туберкулезбен немесе кәсіптік сырқатпен ауруына байланысты басқа жұмысқа уақытша ауыстырылған болса, онда осыған бөлінген бағанда қай уақыттан қай уақытқа дейін ауыстырылғаны көрсетіліп, бас дәрігердің қолы қойылады. Басқа жұмысқа аталған уақытша ауыстырудың бүкіл кезеңіне еңбекке жарамсыздық парағының жалғасы беріледі.

Науқас ауыстыру кезеңі аяқталғаннан кейін еңбекке жарамсыз күйінде қалған жағдайда уақытша жұмыс мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап

еңбекке жарамсыздық парағының жаңа жалғасы беріледі.

Тиісті бағандарда стационарда емдеу мерзімі туралы МӘСК-ке жіберілген күні туралы және МӘСК-тің қорытындысы туралы белгілер соғылады.

"Жұмыстан босатылу" деген бөлімдегі "Қай күннен" деген баған цифрмен толтырылады, ал "Қосып айтқанда қай күнге дейін" деген баған жазумен (күні де, айы да) жазылады. Осы бөлімнің әрбір жолында дәрігердің қызметі, тегі мен инициалдары анық көрсетіледі, сонан соң қолы қойылады.

"Жұмысқа кірісу" деген жол жазумен (күні және айы) толтырылады немесе еңбекке жарамсыздық парағы жалғасының нөмірі көрсетіледі.

57. Түзетуді қате жазылған жазуды сызып тастап үстіне дұрыс жазу арқылы енгізуге болады. Түзету туралы төменде дәрігердің қолы қойылып, мөрмен расталған ескерту беріледі.

Емдеу ұйымының мөрі еңбекке жарамсыздық парағының бірінші бөлімінде үстіңгі оң жағына басылады және жұмысқа шығар кезде немесе жалғасын берге кезде төменгі жағына басылады.

58. Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтаманы беру медициналық құжаттардағы жазбамен негізделеді және арнаулы журналда анықтаманың нөмірі мен берілген күні көрсетіле отырып, тіркеледі. Анықтама емдеу мекемесінің мөрімен және анықтаманы берген дәрігердің жеке мөрімен расталады.

59. Еңбекке жарамсыздық парақтарының бәрі еңбекке уақытша жарамсыз адамдарға түбіртекке қолы қойылып беріледі, олар еңбекке жарамсыздық парақтарының бланкілері бойынша есептілікке арналған құжат болып табылады.

60. Берілген еңбекке жарамсыздық парақтарының есебі Еңбекке жарамсыздық парақтарын тіркеу кітабында жүргізіледі.

61. Еңбекке жарамсыздық парақтарының бүлінген және қажет етілмеген бланкілерін оларды берген дәрігерлер (фельдшерлер) мынадай тәртіппен есептен шығарады: бланк айқыш сызылып, ірі әріптермен "бүлінді" немесе "есептен шығарылды" деген жазу жазылады, содан соң жауапты адамға өткізіледі.

Бланкілердің түбіртектері бүлінген және талап етілмеген бланкілер емдеу-профилактикалық ұйымда 2 жыл бойы сақталады, сонан соң басшының бұйрығы негізінде өртеледі.

Жою туралы акті 10 жыл сақталады.

62. Еңбекке жарамсыздық парағы жоғалған жағдайда жоғалған еңбекке жарамсыздық парағы бойынша жәрдемақы төленбегені туралы жұмыс орнынан анықтама көрсетілгеннен кейін парақ берген емдеу-профилактикалық ұйымның дубликаты беріледі. Дубликаттың беткі жағында жоғарыда "Дубликат" деген белгі соғылады.

63. Еңбекке жарамсыздық парағын емдеуші дәігер бас дәрігердің бекітуімен немесе онымен бірлесіп ұзартылуы және берілуі тиіс болған жағдайда параққа

осы екі дәрігер де қол қоюы керек.

64. Тағайындалған күні, дәрігердің қабылдауына келмеген науқасқа еңбекке жарамсыздық парағы тек дәрігерге жүгінген күннен бастап қана ұзартылады. Өтіп кеткен күндер есепке алынбайды. Еңбекке жарамсыздық парағында тізімнің бұзылғаны туралы белгі соғылады.

65. Жалақының кезекті төлеу уақытына дейін еңбекке жарамсыздық жалғасқан жағдайда дәрігер сақтандырылған адамға еңбекке жарамсыздық парағының "жалғасын" бере алады, бұл орайда еңбекке жарамсыздықтың бастапқы қағазында "Жұмысқа кірісу" деген бағанда осы жайлы белгі соғылады.

Емдеу-профилактикалық ұйымдары өзінің жоғары тұрған денсаулық сақтау органына және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының аумақтық бөлімшесіне бланкілердің ұрлануы және жоғалуы жағдайларының бәрін, олардың сериялары мен нөмірлерін көрсете отырып, хабарлауға міндетті.

VIII. Дәрігерлердің жауапкершілігі және олардың әрекеттері жөнінде шағыну

66. Еңбекке жарамсыздық парағын негізсіз бергені немесе оны беруден бас тартқаны, сондай-ақ оны дұрыс ресімдемегені үшін еңбекке жарамсыздық парағын беру құқығы берілген дәрігерлер (орта медициналық қызметкерлер) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікте болады.

67. Еңбекке жарамдылығын сараптау, еңбекке жарамсыздық парақтарын беру, ұзарту, жабу, сондай-ақ сақтау және есепке алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін жауапкершілік барлық деңгейдегі денсаулық сақтау органдарының басшыларына, емдеу-профилактикалық ұйымдардың бас дәрігерлеріне, медициналық институттардың және дәрігерлердің білімін жетілдіру институттарының ректорларына, ғылыми-зерттеу институттарының директорларына, жеке медициналық практикамен айналысатын ұйымдардың басшыларына жүктеледі.

68. Азаматтардың еңбекке жарамдылығын сараптау, еңбекке жарамсыздық парақтарын беру, ұзарту және жабу мәселелері бойынша дәрігерлердің іс-әрекеттері жөніндегі шағымдарын емдеу-профилактикалық ұйымның бас дәрігері, ДКК немесе арнайы құрылатын комиссия қарайды, олардың шешімін бас дәрігер бекітеді. Бұл шешіммен науқас келіспеген жағдайда оның шағымын жоғары тұрған денсаулық сақтау органы қарайды. Егер бұл органдардың шешімі науқас адамды қанағаттандырмаса, ол оған сот тәртібімен шағымдана алады.

69. Азаматтардың дәрігерлердің іс-әрекеттері жөнінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына немесе Міндетті медициналық сақтандыру қорына келіп түскен шағымдары денсаулық-сақтау органдарымен бірлесіп

қ а р а л а д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ